



АКТАЛУ

Кейбір тақырыптарға ену аса қиынға соғады. Оны жақсылап зерттеп-зерделемесен, білетіндердің ашу-ызасын тудырып, оларды өзіне қарсы қойып алуын әбден мүмкін. Арал теңізі жайындағы бір ақпаратты интернет желісінен оқыған сәттен бастап, аузымды жыбырлатып жүріп, ойыма мына бір шумақ оленнің нобайын жасап қойдым. Кейіннен барып хатқа түсірдім.

Казактын жаралы Аралы,

Казіргі ажары – халықтың аланы.

Саркылған суы ол – ажалы,

Жо-жок, демі оның бар әлі...

БАҚ ТАБУ

Иә, теңіздің демі үзілген жоқ. Бір кездері бақ болып, бұқара бақытын тапқан теңіздің де (бір бөлігінің – **ред.**) арнасы толып келеді. Қанша жылдан бері теңіз тиесілі 5 мемлекеттің басшылары жолығып, ортақ бағдарламалар қабылдап, Арал мәселесіне алаңдаушылық білдіріп келеді. Ал, Елбасымыздың қиын-қыстау кезеңде САРАТС жобасын қабылдағаны көпшілікке аян. Теңізге қатысты шаралардың да мақсаты айбынды Аралдың айдынына оралу болатын.

- Кенес одағы күйреген 90-жылдардың басында менің алдымда бүкіл Қызылорда халқын көшіру турасында мәселе тұрған болатын. Дала қанырап қалды, жер сортаңдады. Арал ауданында жұмыс жоқ. Сырдарияның өзінде бірде су тапшы болса, енді бірде асып-тасып жатады. Сонда ақсақалдармен ақылдасып, бәрін қолға алып, жағдай жасауды бастадық. Кіші Аралға халық қайта келіп, балық кәсібіне ден қоя бастады, - деген еді Елбасы республикалық жиындардың бірінде. Осыдан-ақ көп нәрсені біле беріңіз, сезе беріңіз...

ШАТТАНУ

Әлбетте шаттанамыз. Ойткені, Оскемен қаласының тұрғыны Серік Самарханов тартылып кеткен Арал теңізін небәрі бір аптаның ішінде толтырып беремін деп бізді қуантып отыр. Оған Қыдыр ата аян беріпті-мыс. “Құллі ел болып жиналып, тек айтқанымды екі етпей орындаса болды. Тартылған теңіз суы толып, халықтың қалағаны орындалады” деген сөзін “Жас Алаш” газетінің сайты мысалға келтіреді.

- Аралдықтардың талай жылдан бері тартып келе жатқан қасіретінен құтқарамын. Ол үшін тек дұға оқып, ас берілсе болғаны. Құрбандыққа 5-6 жастағы атан өгіз немесе сол жастағы түйе шалыну керек. Одан кейін атамыз қазақ ақсарбас дейді, 7 сарбас қой сойылса болады. Сонда Көк Тәңірден келетін сый да дайын. Яғни, су тартылып, құрғап қалған жеріне малдың қанын ағызсақ, бұрынғыдай теңізіміз толып шыға келеді, - дейді ол.

Танғаласын. Құдік басым, үміт те жоқ емес...

ТАНГАЛУ

“Егесіз қалған ауланың, ешкі кемірген талындай” қып кешкен Аралдың басына түскен ауыртпалық – қазақтың ғана емес, әлемнің басы қатқан мәселе. Ал, мұндай оқиға оп-онай шешіліп кете ме? Бірақ, арада тылсым күш болса, мүмкін ғой. Әлгінде айтқандай, мұны жоққа шығара алмаймыз, тиісінше қолдау да қисынсыз секілді. Мүмкін бұл Арал секілді актуальды мәселемен ойнағысы келетіндердің бірі шығар. Жер ортеп емес, су толтырып атын шығарғысы келді ме екен? Қалай десек те, соңғы жылдары танымалдық жолында адам тұрмақ, Құдайдан да қорықпайтындар пайда бола бастады. Серік те солардың кезектісі ме, жоқ па, оны уақыт өте келе білетін боламыз.

Ойымызда сан сұрақ бар. Бірі – сандырақ, екіншісі – шамшырақ. Әуелгісі болмай, Аралымыздың шамшырағы жана түссе ғой дейміз. Танғалу мидың құр сандалуы болмаса

игі еді...

Рыскелді ЖАХМАН